

№9 «Шапағат» бөбекжай-бақшасы

«Үй жағдайында баламен жұмыс»

(ата-аналарға консультация)

Әдіскер:Зулкакова Н.С.

2025ж.

«Үй жағдайында баламен жұмыс»

Ата-аналарға арналған кеңес. Бала балабақшаға келмеген күндері үй жағдайында да дамытушы жұмыстар жүргізу баланың дағдыларын тұрақты қалыптастыруға және оқу–тәрбие үдерісінен алыстап қалмауына көмектеседі. Төмендегі ұсыныстарды күнделікті тұрмыста оңай қолдануға болады

1. Күн тәртібін сақтау. Бала балабақшадағы режимге барынша жақын уақыт тәртібімен өмір сүргені дұрыс. Ұйықтау, ояну, тамақтану, серуендеу, ойнау және оқу уақыты тұрақты болсын. Тұрақты режим баланың мінез-кұлқын реттеуге және оқу жұмысына көңіл бөлуіне көмектеседі.

2. Танымдық дағдыларды дамыту. а) Қарапайым тапсырмалар. Заттарды түсіне, пішініне, көлеміне қарай сұрыптау; Санау (1–5 немесе 1–10), заттарды салыстыру (көп-аз, үлкен-кіші).

б) **Сөйлеуді дамыту.** Күнделікті әрекеттерді сөзбен түсіндіру; Сурет бойынша әңгіме құрату; Жаңылтпаш, қысқа өлеңдер жаттау.

3. Ұсақ моториканы дамыту. Мозайка, конструктор, кубиктермен ойнау; Ермексазбен илеу, жапсыру жұмыстары; Қағаз жырту, қию, желімдеу сияқты қарапайым еңбек тапсырмалары.

4. Қимыл-қозғалыс белсенділігі. Үй ішінде жеңіл гимнастика, созылу жаттығулары; Би қозғалыстары; Серуен кезінде табиғатты бақылау (жапырақ, гүл, көлеңке, дыбыс т.б.).

5. Эмоциялық-элеуметтік даму. Балаға таңдау құқығын беру (ойын, кітап, киім таңдауы); Тұрмыстық міндеттерге жұмылдыру (ойыншық жинау, үстел жинауға көмектесу); Бірге ойнау, рөлдік ойындар ұйымдастыру (дүкен, дәрігер, отбасы т.б.).

6. Шектеулі экран уақытын сақтау

Телефон, планшет, теледидар уақытын күніне 30–40 минуттан асырмау; Экранның орнына дамытушы үстел ойындарын ұсыну.

7. Жұмыс нәтижесін бірлесіп бағалау.

Баланы мақтап, оның жетістігін атап өту; «Бүгін не үйрендік?» деген шағын қорытынды жасау; Сәтті шықпаған тапсырмаларды қысымсыз, ойын арқылы қайталау.

Қорытынды. Бала балабақшаға келмеген күндері ата-ананың шағын уақыт бөліп, жоспарлы түрде үй жағдайында жұмыс жүргізуі оның жалпы дамуына үлкен қолдау көрсетеді. Үнемі ойын арқылы үйрету, жылы қарым – қатынас және тұрақты режим табысты дамудың басты шарттары.